



**«ТІЛЕКТЕС» ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІНІҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА  
АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

## МАЗМҰНЫ

*1- бөлім:* Оқу жылы қорытындыларының педагогикалық талдауы.  
Жаңа оқу жылының міндеттері

*2- бөлім:* Білім беру мекемесінің ақысыз жалпы бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметін ұйымдастыру

*3- бөлім:* Білім беру мекемесін басқару.  
Ата-аналармен жұмыс

*4- бөлім:* Педагог кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау

*5- бөлім:* Білім беру процесін жақсартуға бағытталған педұжымның қызметі

*6- бөлім:* Тәрбие жұмысының жүйесін құруға бағытталған педұжымның қызметі

*7- бөлім:* Мектепшілік бақылау жүйесі

*8- бөлім:* Оқу-материалдық базаны нығайту. Білім беру мекемесінің құралдары

*9- бөлім:* Ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар

### Қосымшалар:

1. Мектептің жұмыстық оқу жоспары
2. Педагогикалық кеңес
3. Директор жанындағы отырыс

## 1-бөлім:

### Оқу жылының қорытындыларының педагогикалық талдауы. Жаңа оқу жылының міндеттері.

#### 2022-2023 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысына педагогикалық талдау.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 27. 06.2007 жылғы Заңының 16-64 баптарына, ҚР Үкіметінің 6 жасан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің мектепке жаппай қатысуын қамтамасыз ету, ҚР жалпы орта білім беру жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт туралы бұйрығын, 28.08.2022 жылғы жаңа оқу жылының басталуы туралы бұйрықты іске асырудың кешенді шараларын жүргізу, "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы денсаулық сақтау (қосымша) бөлігін жүзеге асыру үшін мектеп санағына енген оқушыларға жаппай білім беру ісі мектепшілік оқу-тәрбие жоспары негізінде жүзеге асырылды.

Мектеп бойынша оқу жылында 2 рет жалпыға бірдей білім беру айлығы өткізілді, айлықтың қорытындысы директор жанындағы жиналыста талқыланды. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Күнделік электрондық журналы жүргізілді. Оқушылар қозғалысы ҰББДҚ (НОБД) ақпараттық деректер базасы бағдарламасы негізінде жасалып, оқушылардың қозғалысы, білім сапасы бағдарлама бойынша есептеліп, нәтиже шығарылып отырылды.

2022 – 2023 оқу жылында мектепте барлығы 30 мұғалім еңбек етті. Оның ішінде жоғары білімді –30 ( 100%), арнаулы орта – жоқ, жалпы орта – жоқ, аяқталмаған жоғары–жоқ.

Үйде оқытылатын оқушылар саны –2 (Тойбекұлы Саят –5-сынып, Жүсіпбек Мағжан – 7-сынып). Аталған оқушыларға ДБК анықтамасы негізінде үйде оқыту ұйымдастырылды, парта, тақта және басқа құралдар үйіне жеткізілген. Құжаттары оқу жылы барысында тексерілді. Бөлінген мұғалімдер дер кезінде сабақтарын өткізіп, мектепшілік іс-шараларға балаларды тартып отырды.

#### Тілектес жалпы орта білім беретін мектеп бойынша II сыныптың 2022-2023 оқу жылында тапсырған ҰБТ қорытындысы

| № | Білім алушының аты-жөні | Пәндер бойынша баллдары |                |                |           |      |           |      |       |
|---|-------------------------|-------------------------|----------------|----------------|-----------|------|-----------|------|-------|
|   |                         | 1-ші пәні балл          | 2-ші пәні балл | 3-ші пәні балл | 4-ші пәні | балл | 5-ші пәні | балл | жалпы |
|   |                         | Қаз. Тарих              | Оқу сауат      | Мат. сауат     |           |      |           |      |       |
| 1 | Ахмет Жанғыра           | 12                      | 20             | 14             | Матем     | 31   | Физика    | 40   | 91    |
| 2 | Абдымомун Гүлназ        | 12                      | 18             | 12             | Биология  | 33   | химия     | 35   | 90    |
| 3 | Аманжол Құттыбек        | 11                      | 18             | 13             | Матем     | 28   | география | 30   | 87    |
| 4 | Әбсамат Әсел            | 10                      | 19             | 11             | Ағылшын   | 22   | Д Тарих   | 24   | 91    |
| 5 | Жолпыбай Рамазан        | 11                      | 18             | 10             | Ағылшын   | 20   | Д Тарих   | 22   | 82    |
| 6 | Патмат Ақерке           | 11                      | 18             | 11             | Матем     | 29   | Физика    | 13   | 82    |
| 7 | Полат Руслан            | 10                      | 16             | 11             | биология  | 26   | химия     | 17   | 80    |

|   |                 |   |    |   |            |    |            |    |    |
|---|-----------------|---|----|---|------------|----|------------|----|----|
| 8 | Үсен Қалдымыз   | 6 | 19 | 9 | Биология   | 24 | химия      | 20 | 78 |
| 9 | Үштенбай Әкежан | 9 | 17 | 8 | Қазақ тілі | 22 | Қазақ әлеб | 22 | 78 |

**Мұғалімдер мен оқушылардың әр түрлі байқау, жарыстар, конференцияға қатысуы, нәтижесі**

Мектеп мұғалімдері мен оқушылары түрлі жарыстар мен пәндік олимпиадаларға үзбей қатысып отырды.

**«Тілектес» жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктерінің мәліметі**

| №  | Оқушының аты - жөні | Пән байқауының аты                    | Мектепшілік кезең | Аймақтық кезең | Аудандық кезең      | Облыстық кезең | Республикалық кезең | Пән мұғалімінің аты-жөні |
|----|---------------------|---------------------------------------|-------------------|----------------|---------------------|----------------|---------------------|--------------------------|
| 1  | Керімбек Айжарық    | Пән олимпиадасы                       |                   |                | II орын             |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 2  | Керімбек Айжарық    | «Мәшһүр Жүсіп оқушылары» байқауы      |                   | I орын         |                     |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 3  | Керімбек Айжарық    | «Мәшһүр Жүсіп оқушылары» байқауы      |                   |                | I орын              |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 4  | Керімбек Айжарық    | «Мәшһүр Жүсіп оқушылары» байқауы      |                   |                |                     | I орын         |                     | Қосымова Айнұр           |
| 5  | Асқарқызы Аружан    | «Ақберен» байқауы                     |                   |                | II орын             |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 6  | Керімбек Керкем     | Пән олимпиадасы                       |                   |                | II орын             |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 7  | Керімбек Ахерке     | Президенттік олимпиадасы              |                   |                | I орын              |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 8  | Керімбек Айжарық    | Қанипа Бигбаев                        |                   |                | III орын            |                |                     | Қосымова Айнұр           |
| 9  | Салыкова Гүлжамилә  | «Абай» оқулары Малақтама              |                   |                |                     |                |                     |                          |
| 10 | Салыкова Гүлжамилә  | «Ілияс» оқулары Малақтама             |                   |                |                     |                |                     |                          |
| 11 | Салыкова Гүлжамилә  | «Педостарт»                           |                   |                | III дәрежелі диплом |                |                     |                          |
| 12 | Салыкова Гүлжамилә  | «Алтын тұтыр» Сертификат              |                   |                |                     |                |                     |                          |
| 13 | Салыкова Гүлжамилә  | Аудандық кәсіподақ                    |                   |                | Құрмет грамотасы    |                |                     |                          |
| 14 | Ералы Әділет        | Пән олимпиадасы                       |                   |                | III дәрежелі диплом |                |                     | Абишова Гүлжан           |
| 15 | Асқарқызы Аружан    | Пән олимпиадасы                       |                   |                | III дәрежелі диплом |                |                     | Абишова Гүлжан           |
| 16 | Өміртай Нұртас      | Пән олимпиадасы                       |                   |                | III дәрежелі диплом |                |                     | Абишова Гүлжан           |
| 17 | Сейдалиева Нурила   | Мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасы |                   |                | II жүлделі орын     |                |                     |                          |

|    |                       |                                                                                                                |  |                              |                                   |  |                       |
|----|-----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------|-----------------------------------|--|-----------------------|
| 18 | Өміртай Нұртас        | Пән<br>олимпиадасы                                                                                             |  |                              | II<br>дәрежелі<br>жұлделі<br>орын |  | Сейдалиева<br>Нурипа  |
| 19 | Құлмекхан Н           | «Әбіш<br>оқулықтары»                                                                                           |  |                              | III<br>жұлделі<br>орын            |  | Омарова Рая           |
| 20 | Өміртай Нұртас        | Пән<br>олимпиадасы                                                                                             |  | Бас<br>жұлде<br>гранд<br>при |                                   |  | Серикбаева<br>Зульфия |
| 21 | Өміртай Нұртас        | Пән<br>олимпиадасы                                                                                             |  |                              | III<br>дәрежелі<br>диплом         |  | Серикбаева<br>Зульфия |
| 22 | Мадихан Ісмау         | Пән<br>олимпиадасы                                                                                             |  |                              | II<br>дәрежелі<br>диплом          |  | Серикбаева<br>Зульфия |
| 23 | Серикбаева<br>Зульфия | «Білім беру<br>ісінің құрметті<br>қызметкері»<br>төсбелгісімен<br>марапатталды                                 |  |                              |                                   |  |                       |
| 24 |                       |                                                                                                                |  |                              |                                   |  |                       |
| 25 | Базарбай Дарига       | «Бастау» Республ<br>икалық<br>математикалық<br>олимпиада                                                       |  |                              | III орын                          |  | Шақшабаева<br>Ш       |
| 26 | Шақшабаева Ш          | Бастауыш<br>сынып<br>мұғалімдеріне<br>арналған<br>Республикалық<br>«Алтын тұрыр»<br>математикалық<br>олимпиада |  |                              | II<br>дәрежелі<br>диплом          |  |                       |

### Оқу-тәрбиелік жұмыс

«Адам баласымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты» дегендей жас ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау әр ұстаздың, ата-ананың міндеті. Осы міндет бүгінгі таңда ұстаз қауымына айрықша артылып отыр. Осыған сәйкес-өмір сүріп отырған тұлғаның алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі-күнде өзгеріп отырған әлеуметтік, экономикалық жағдайға бейімделу ғана емес, осы өзгерістерді жақсы жағынан өзгертуге дайын тұратын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болса, тұлғаға бірінші кезекті- креативтілік, құзыреттілік белсенділік, әлеуметті жауапкершілікті, жан-жақты білім беру қажет. Ал бұл өз кезегінде сол тұлғаны тәрбиелейтін мұғалімнің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Өмір тәжірибесі көрсеткендей, тәрбие - білім берумен қатар жүретін үрдіс және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекет негізінде қарастырылады. Егер оқу - тәрбие үшін ақпараттық қорек қызметін атқарса, тәрбие оның адам игілігіне жұмсалыуына кепілдік береді. Осыған қарай білім беру үрдісінде тәрбие рөлінің басымдылығы жоғары екендігін көруге болады. Мұның бәрі «Білім туралы» заңда айқын жазылған. Қазіргі таңда болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру ісінде осы заманғы қоғамдық және әлемдік дамудың өмірлік таңдауында жеке тұлғаны қалыптастыру басты мақсат болып отырғаны белгілі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы, ҚР білім беру мекемелерінің 2006-2011 ж. арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын, Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, т.б. басшылыққа ала отырып, мектеп өндірістік жоспары түзілді.

Пед.ұжымның оқу-тәрбие жұмысы бойынша өндірістік жоспарының тақырыбы:

«Денгейлеп оқыту әдісі арқылы оқушылардың білім сапасын көтеру және қызығушылығын арттыру»

Өндірістік жоспарының стратегиялық даму жоспары, мақсаты мен міндеттері айқын. Оқу жылының тақырыпқа сай жылдық жоспары жасалынады және жақсы нәтиже көрсетеді.

Ата-аналар жиналысында сынып жетекшімен екі жақты келісімшарт түзілді. Оқушылардың ішкі тәртіп ережесі осы жүйеге негізделді, әр апта басында қорытынды есеп беріліп отырады.

Өзін-өзі басқару ұйымымен қатар, «Толағай» спорттық үйірмесі, «Шебер қолдар» қолөнер үйірмесі жұмыс істейді. Сонымен бірге, «Азамат» ұлдар кеңесі, «Ақжүніс» қыздар кеңесі жұмысы жолға қойылған. Әрбір ұйым, үйірме жұмыстарының жылдық жоспары жасалып, бекітіледі, жыл соңында қорытынды есеп беріледі. Мектепте тойланатын дәстүрлі мерекелер мен атаулы күндердің жоғары дәрежеде өтуіне атсалысады. Жылдық жоспарға сай, жұмыс мазмұнын түрлендіреді.

Мектепте 2022-2023 оқу жылында біршама іс – шара өтті. Атап айтатын болсақ рухани жаңғыруға орай іс-шаралар, әдеби кештер, сыныптан тыс мерекелік кештер және жарыстар өтті.

Әр жылы Дини экстремизм мен терроризмге қарсы күресу шараларына байланысты мектепте баяндама жасап, іс-шаралар ұйымдастырылды және сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіледі.

«Отанына деген сүйіспеншілігі мен азаматтық сана сезімі негізінде өз еліне пайда келтіруге деген талпынысын қалыптастыру. Отан алдындағы жауапкершілікті сезіну қабілеттерін, қоғам өміріндегі негізгі мәселелерді шешуде азаматтық көзқарасты қалыптастыру. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру» мақсатында мектеп дәлізі мен сынып бөлмелерінде тақырыптық стендтер мен плакаттар, мемлекеттік рәміздер ілінген.

Барлық сыныптарда «Сынып бұрышы» ілінген, сынып бұрыштарының мазмұны, эстетикалық безендірілуі талапқа сай.

Мектеп оқушыларының психологиялық ахуал қалыпты. Мектепте арнайы психолог кабинеті талапқа сай жабдықталған, тәрбие жұмысының дұрыс жүргізілуіне өз ықпалын тигізеді.

**Мектеп ұстанған тәрбиенің негізгі мақсаты** – дені сау, көкірегінде ұлттық сана-сезімі оянған, өзіндік рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, әр-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында өзге игі қасиеттері мол қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу.

Ұрпақ – еліміздің, ұлтымыздың болашағы. Мектепте жұмыс істеп отырған түлек моделін негізге ала отырып, бүгінгі күні алдымызда отырған балалардың дені, жаны сау тұлғаның моделін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің әрекеті мен ұстанымын айқындау – үлкен мәселе екендігі қалыпты жағдай.

Осы мәселені көтере отырып, 2022-2023 оқу жылында мектепте ата-аналар комитетінің құрамы жасақталып, өзара келісумен белгілі топтарға шоғырланып, әр топ өз алдына мақсат-міндеттерді айшықтай отырып, жоспар бекітілді. Алты бағытта жұмыс істейтін ата-аналар комитеті жұмыс атқарды.

Үстіміздегі оқу жылында оқушы бойындағы патриоттық-ұлттық тәрбиені мейлінше түйсіндіруге бағытталған АӨД жетекшісі Канаев Амирбек басқарған әскери-патриоттық тәрбие орталығының мамыр айында өткен әскери дайындыққа қатысқан 10-сынып оқушылары жоғары орынды иеленді.

Үстіміздегі оқу жылында ата-аналар жиналысы да жүйемен өткізілгенмен, белгілі тақырыптармен ұйымдастыру, ата-аналар жиналысқа қатысу сапасы тұрақталған жоқ. Ата-аналар жиналысының формасын өзгертіп, бала жетістігі мен тәрбиесін толықтай көрсететін үлгілі жиналыстар ұйымдастыру – алдымыздағы оқу жылының өзекті мәселесі болмақ.

Оқушы бейнесін қатыптастыруда білім беріп, тәрбиелеп қана қоймай, олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру – ата-ана мен сынып жетекшісінің міндеті. Бос уақытты үнемді және пайдасына қарай қолдана алмаған сынып жетекшілерге ескерту және келешекте назарда ұстауларына нұсқау берілді.

**Келесі оқу жылында назар аударарлық жайттар:**

1. Мектептің проблемалық тақырыбына сай денсаулық сақтау іс-шаралары;
2. Қыздар және ұлдар тәрбиесіне байланысты жекеленген ата-аналар қатысқан топтық кеңес жұмысын алып бару.
3. Оқушылардың, жас мұғалімдердің тп байлығын дамытуға бағытталған поэзия кештерін ұйымдастыру.
4. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хат негізге алынды.

**Басты мақсаты:** балалардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың дамуына жағдай жасау, сонымен қатар мектеп пен отбасы арасындағы қарым – қатынасын құру.

**Міндеттері:** оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу; оқушылармен және олардың ата-аналарымен қылмысты болдырмау жөнінде жұмыс атқару.

Жыл бойы жұмыс барысында қойылған мақсатпенен анықталған негізгі міндеттерге жету үшін, оқушылардың даралық ерекшелігін еске ала отырып әлеуметтік педагогпен сынып жетекшілерінің жұмысы белгілі бір жүйеде атқарылды. Бұл жүйеде 8 бағыт анықталды:

1. Оқушылар ұжымында жұмыс жасау.
2. Жанұямен жұмыс жасау.
3. Тәртібі нашар девиантты балалармен жұмыс жасау.
4. Ескерту, алдын алу іс – шараларын атқару.
5. Қорғау және қауіпсіздік іс әрекеті.
6. Жұмыстарды ұйымдастыру іс-әрекеті.
7. Іс-әрекетінің диагностикасы.

Атап кеткен жұмыс жүйесі әлеуметтік – педагогикалық ұйымдармен тығыз қарым – қатынаста болды. Атап айтсақ: білім басқармасы, балалар наркологы, АҚТҚ орталығы, мәдени орталықтар, мұражай, кітапхана, драмтеатр.

**Мектептің материалдық-техникалық жағдайы толықтыруды талап етеді.**

Мектеп бойынша кабинет саны-49

|                           |                     |
|---------------------------|---------------------|
| Физика –1                 | География –1        |
| АӘД –1                    | Информатика –2      |
| Шет тілі –1               | Химия –1            |
| Қазақ тілі –1             | Биология –1         |
| Орыс тілі –1              | Технология –2       |
| Математика –1             | Тарих, қоғамтану –1 |
| Мультимедиялық кабинет –1 |                     |
| Спорт залы –1             | Асхана –1           |

Мектепте 2 информатика кабинеті, 1 мультимедиа кабинеттері жабдықталған. Мектептегі компьютер саны –33 Ноутбук-30, Планшет-6. Республикалық қордан қаржыланған. Барлық компьютер интернетке қосылған.

|  |
|--|
|  |
|--|

| І-ауысым 1-қабат<br>Оқу үдерісіне тартылған кабинеттер |                                                             |             |                                        |                      |
|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|-------------|----------------------------------------|----------------------|
| №                                                      | техникалық түгендеу іс-қағазында көрсетілген кабинет нөмері | Ауданы кв.м | Бір балаға шаққанда сымдылығы 2,4 кв.м | Орналасқан сыныбы    |
| 1                                                      | №1 кабинет                                                  | 44,2        | 3,4                                    | 1 сынып              |
| 2                                                      | №2                                                          | 44,2        | 2,7                                    | МАД                  |
| 3                                                      | №9                                                          | 38,3        | 2,7                                    | 9 сынып              |
| 4                                                      | №10                                                         | 44,2        | 4                                      | 5 «А»                |
| 5                                                      | №13                                                         | 44,2        | 3,4                                    | 11 сынып             |
| 6                                                      | №                                                           | 60,7        | 7,5                                    | Шеберханасы (ұлдар)  |
| 7                                                      | №                                                           | 48,6        | 6                                      | Шеберханасы (қыздар) |

| І-ауысым 2-қабат<br>Оқу үдерісіне тартылған кабинеттер |      |      |     |               |
|--------------------------------------------------------|------|------|-----|---------------|
| 1                                                      | № 22 | 44,2 | 2,7 | 4 сынып       |
| 2                                                      | № 23 | 44,2 | 3,1 | 3 сынып       |
| 3                                                      | № 24 | 49,8 | 2,8 | 2 сынып       |
| 4                                                      | № 42 | 48,6 | 4   | А.Ә.Д 7-сынып |
| 5                                                      | № 30 | 44,5 | 4,9 | 10 сынып      |
| 6                                                      | № 31 | 44,2 | 3,4 | 8 сынып       |
| 7                                                      | № 34 | 44,2 | 3,4 | 6 сынып       |
| 8                                                      | № 35 | 38,3 | 2,9 | 5 «Ә» сынып   |
| 9                                                      | № 25 | 64,9 | 8   | Информатика   |
| 10                                                     | №28  | 47,9 | 5,9 | Информатика   |

| №  | Мектеп бейне контингентер тізбесі                 | 2021-2022 | 2021-2022 | 2022-2023 | 2023-2024 | 2024-2025 |
|----|---------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| 1  | Парта комп. Саны                                  | 120       | 120       | 120       | 133       | 133       |
| 2  | Шеберхана (ұлдар)                                 | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 3  | Шеберхана (қыздар)                                | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 4  | Оқу кабинеттері                                   | 9         | 9         | 9         | 9         | 9         |
| 5  | Спорт зал                                         | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 6  | Спорт алаңы (арнайы спорт кешені)                 | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 7  | Ойын алаңшалары                                   | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 8  | Мед.қызметкерге арналған бөлме                    | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 9  | Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлмелері (орынбасарлар) | 2         | 2         | 2         | 2         | 2         |
| 10 | Техникалық қызметке арналған бөлмелер             | 2         | 2         | 2         | 2         | 2         |
| 11 | Асхана                                            | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 12 | Ішкі әжетхана                                     | 16        | 16        | 16        | 16        | 16        |
| 13 | Информатика кабинеті                              | 2         | 2         | 2         | 2         | 2         |
| 14 | Биология кабинеті                                 | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 15 | Физика кабинеті                                   | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 18 | Химия кабинеті                                    | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |
| 19 | Мультимедия кабинеті                              | 1         | 1         | 1         | 1         | 1         |

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа кезекті «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында мектеп ұжымының 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие үдерісіне талдау жасау негізінде 2023-2024 оқу жылына төмендегідей білімділік және тәрбиелік міндеттер анықталды.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хат негізге алынды.

Пандемияның екі жылдық кезеңінен кейін білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру алдағы оқу жылында да өзекті міндет болып қала береді.

Мектеп басшылығы мен педагогтер білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау, олардың орнын толықтыру жұмысын тиімді жүргізу маңызды.

- Оқушылардың денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмейтін білім мен тәрбие беру қызметінің жоғары деңгейін қаматамасыз ететін мектеп мүмкіндігін пайдалану арқылы денсаулықты сақтау білім кеңістігін құру;
- Мектепшілік мониторингті (оқушы мен мұғалім) жетілдіру және мұғалім іс -әрекетінің нәтижесін жүйелі бағалау рейтингісін басшылыққа алу;
- 1-11 сыныптар арасында LS әдістемелік тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- Жеке тұлғаны бағыттау, тереңдетілген оқытудың арнаулы курстар тиімділігін жүйелеу;
- Интерактивті құралдар мен АКТ-ны мектеп ұжымының толық игеруіне және тиімді пайдалануына қол жеткізу және мектепшілік жекелей іс-шаралар түрлеріне байқау-сынақ жүргізе отырып, білім мазмұнындағы үдерістерді жанарту;
- Оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандыруды орталықтандыру;
- Мектеп мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігі мен әдістемелік шеберліктерін жетілдіру;
- Мұғалімнің өз кәсіптік деңгейін көтеруге ынталандыру (аттестация арқылы);
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі психологиялық қызметтің ролін кеңейту, күшейту;
- Балалардың соңғы нәтижеге қол жеткізу мақсатында ата-ана ролін көтеру;

### **ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мектеп педагогикалық кеңес шешімімен 2023-2024 оқу жылына Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығын басшылыққа алды.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Бір күнтізбелік жылда:

демалыс күндері-117

демалыс және мереке күндері - 75 күн

оқу күндері-173

Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн

✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер:

- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері,

- ✓ «Керкем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
- ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
- ✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу
- ✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету
- ✓ Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу (4, 9 сыныптар)
- ✓ «Алтын белгі» белгісіне үміткерлер үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібіне өзгерістер енгізу
- ✓ 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсының оқытуды жалғастыру
- ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
- ✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу
- ✓ «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру
- ✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу

#### **Мектепте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда:**

1. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы; – «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);

– «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);
- «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);
- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);
- «Женімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);
- «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

## 2- бөлім:

### Білім беру мекемесінің ақысыз жалпы бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметін ұйымдастыру.

| №  | Іс-шаралар                                                                                                                     | Нормативтік-құқықтық құжат | Мерзімі              | Жауапты                         | Қай жерде қаралады       | Түпкі нәтиже           | Ескерту |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------|---------------------------------|--------------------------|------------------------|---------|
| 1. | Мәттежаудандағы 0-18 жас аралығындағы балаларды есепке алу бойынша іс-шараларды өткізу және аудандық білім бөліміне есеп беру. | хаттама                    | Тамыз, қаңтар, мамыр | Оқу ісі менгерушісі             | Директор жанындағы кеңес | Жоспар, есеп           |         |
| 2. | Бітіруші сынып жетекшілерімен оқушылардың оқуға түсуі мен жұмысқа орналасуының жағдайы туралы сұхбаттасу және есебін алу.      | хаттама                    | Тамыз                | Директор орынбасарлары          | Директор жанындағы кеңес | Есеп                   |         |
| 3. | 1-ші сыныпқа оқушылар қабылдау.                                                                                                | бұйрық                     | Тамыз                | Директор                        |                          | Бұйрық                 |         |
| 4. | Жаңадан келген оқушыларды қабылдау.                                                                                            | Бұйрық                     | Жыл бойы             | Директор                        |                          | Бұйрық                 |         |
| 5. | Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балаларды анықтау.                                                                     | Қорытынды Бұйрық           | Тамыз                | Психолог, әлеуметтік педагог    | Директор жанындағы кеңес | Есеп, тізім            |         |
| 6. | Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларын оқулықпен қамтамасыз ету.                                                            | Анықтама                   | Қыркүйек             | Кітапхана-шы, сынып жетекшілері | Директор жанындағы кеңес | Ата-ана өтініші, тізім |         |
| 7. | Оқушыларды алдын ала жинау, оқулықтарды тарату.                                                                                | Тізім хаттама              | 17 - 22.08.          | Кітапхана-шы, сынып жетекшілері | Директор жанындағы кеңес | Тізім, есеп            |         |
| 8. | Оқушылар қозғалысы есебін тапсыруға құжаттамаларды дайындау.                                                                   | Бұйрық Тізім               | 1-5.09.              | Оқу ісі менгерушісі             |                          | Есеп                   |         |
| 9. | 1-11-ші сыныптарды комплектілеу.                                                                                               | Бұйрық                     | 1-5.09.              | Оқу ісі менгерушісі             | Директор жанындағы кеңес | Тізім, бұйрық          |         |

|     |                                                                                                                     |                  |                                      |                                   |                             |                      |  |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|--------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------|----------------------|--|
| 10. | Үйде оқытуды ұйымдастыру.                                                                                           | Бұйрық<br>Жоспар | Қыркүйек                             | Педагог-психолог                  | Директор<br>жанындағы кеңес | Тізім,<br>бұйрық     |  |
| 11. | Мектепте МАД 1-4 сынып оқушыларын кезекші топтарда және 5-11 сынып оқушыларын оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. | Жоспар           | Қыркүйек                             | Оқу ісі<br>менгерушісі            | Директор<br>жанындағы кеңес | Тізім,<br>бұйрық     |  |
| 12. | Оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру.                                                                | Анықтама         | Жыл бойы                             | Медбике                           |                             | Жоспар               |  |
| 13. | Қамқорлық айлығын өткізу.                                                                                           | Жоспар           | Тамыз,<br>қаңтар                     | Мектеп әкімшілігі                 | Апталық<br>әкімшілік кеңесі | Жоспар               |  |
| 14. | Қолдауды қажет ететін оқушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру.                                                         | Жоспар           | Күнделікті                           | Әлеуметтік педагог                | Апталық<br>әкімшілік кеңесі | Тізім                |  |
| 15. | Тәрбиесі қиын балалармен жұмыс.                                                                                     | Жоспар           | Жыл бойы                             | Тәрбие<br>орынбасары,<br>психолог | Апталық<br>әкімшілік кеңесі |                      |  |
| 16. | Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау.                                                                             | Анықтама         | Ай сайын                             | Тәрбие<br>орынбасары              | Директор<br>жанындағы кеңес | Хаттама              |  |
| 17. | Болашақ 1-ші сынып оқушыларымен жұмысты жоспарлау.                                                                  | Жоспар           | Мамыр,<br>маусым                     | Оқу ісі<br>менгерушісі            |                             | Тізім,<br>есеп       |  |
| 18. | 9-11-ші сынып оқушыларына бітіру емтихандары, ҰБТ ережелерін түсіндіру.                                             | Хаттама          | Наурыз,<br>сәуір                     | Оқу ісі<br>менгерушісі            | Апталық<br>әкімшілік кеңесі | Ережелер,<br>хаттама |  |
| 19. | Оқушылардың демалысын ұйымдастыру.                                                                                  | Жоспар           | Қараша<br>қаңтар<br>наурыз<br>маусым | Тәрбие<br>орынбасары              |                             | Жоспар               |  |
| 20. | Жыл қорытындылары бойынша статистикалық есептер.                                                                    | жоспар           | Мамыр-<br>маусым                     | Оқу ісі<br>менгерушісі            | Директор<br>жанындағы кеңес | Есеп                 |  |

### **3- бөлім:**

## **Білім беру мекемесін басқару. Ата-аналармен жұмыс.**

### ***Мектепті басқару құрылымы.***

Мектепті басқару құрылымы төрт деңгейден тұрады:

**I деңгей:** Педагогикалық кеңес бүкіл ұжымның проблемаларын шешіп, заң шығарушы орган болып табылады. Директор ұжым алдында тұрған стратегиялық мақсат пен міндеттерді жүзеге асуын жоспарлайды, болжамдайды, зерттейді. Ата-аналар комитеті мектеп ұжымымен тығыз байланыста болып, бірлесіп келелі мәселелерді шешуге көмек береді. Әдістемелік кеңес білім беру мазмұнының проблемаларын шешеді, мұғалімнің кәсіби шеберлігін көтеруге, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға жағдай жасайды.

**II деңгей:** Директордың оқу ісінің меңгерушілері оқу процесін қамтамасыз етіп, бақылау және басшылық жасайды. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары жоғары парасатты, жаң-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастырады. Директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары мектептегі инновациялық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары мектептің жалпы шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырады.

**III деңгей:** Мектептің психологі балалардың жас ерекшелігіне байланысты өзін-өзі тәрбиелеп, дамытып, олардың интеллектуалдық жеке қасиеттерін дамытуды, қабілеттерін қалыптастыруды жоспарлайды, оқушылардың мінез-құлқын, жеке ерекшеліктерін, қабілетінің дамуына жағдай жасау мақсатымен сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен жұмыс жүргізеді. Әдістемелік бірлестіктер, мұғалімдердің шығармашылық топтары нақты әдістемелік мәселелердің шешуін қамтамасыз етеді. Жас мұғалім мектебі тәлімгерлер жұмысын ұйымдастырып, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетеді.

**IV деңгей:** Оқушылардың ғылыми қоғамында дарынды балалар ғылым негіздерін терең игеріп, ғылыми жұмыспен айналысып, өз бетінше ізденіс жұмыстарын жүргізу тәсілдерін игереді. “Болашақ” балалар ұйымы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі басқаруға, жеке тұлға ретінде дамуына ерекше көңіл бөліп, бірнеше бағытта тәрбие жұмысын жүргізеді.

### *Ата-аналармен жұмыс.*

| № | Іс-шаралар | Нормативтік-құқықтық құжат | Мерзімі | Жауапты | Қай жерде қаралады | Түпкі нәтиже | Ескерту |
|---|------------|----------------------------|---------|---------|--------------------|--------------|---------|
|   |            |                            |         |         |                    |              |         |



|    |                                                                                                                                                            |         |              |                                      |                          |         |  |
